



«КЕЛІСЕМІН»

**Ақтөбе қалалық білім
бөлімінің басшысы**

Қосымбаева.М.О

« » қыркүйек 2022 ж.



«БЕКІТЕМІН»

М.Арын атындағы

Қарғалы қазақ орта

мектебінің директоры

Жанайдаров.Ж.Т

« » қыркүйек 2022 ж.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
оқу жұмыс жоспары
2022 – 2023 оқу жылы

**Ақтөбе қаласының М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына
ТҮСІНІК ХАТ**

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесі екі ауысымда ұйымдастырылады. Мектеп контингенті - 978 оқушы. 2-11 кластардағы сабақтың ұзақтығы – 40 минут. 1 кластар бойынша оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес 40 минуттан өткізіледі.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары басшылыққа алынып, оқу жұмыс жоспары келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

✓ «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығы;

✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы,

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы.

✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.

"Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;

«Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі» делінген. Мектептің білім сапасын арттыру білім алушылардың оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыруға байланысты

Жалпы орта білім беру деңгейі:

2022-2023 оқу жылында 10а, 10ә, 11а, 11ә, 11б кластары оқытудың жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша, 10б, 11в кластары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша білім алады.

Вариативтік компоненттен элективті курстар 10 кластарға:

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша:

«Графика және жобалау» - 10а,ә кластарға 1 сағаттан берілді.

«Абайтану» - 10а,ә кластарға 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша:

«Тарихи кезеңдер» - 10б класына 1 сағат

«Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену» - 10б класына 1 сағат берілді.

Вариативтік компоненттен элективті курстар 11 кластарға:

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша:

«Абайтану» - 11а,ә,б кластарына 1 сағаттан берілді.

«Әдеби шығармашылық жұмыс» - 11а,ә,б кластарына 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша:

«Тарихи кезеңдер» - 11в класына 1 сағат

«Евразия кеңістігіндегі көшпелілер мәдениеті» - 11в класына 1 сағат берілді.

Инклюзивті білім беру:

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін оқушы саны – 6. Бастауыш кластарда – 3 оқушы; оның ішінде 2 класта – 1 оқушы, 3 класта – 2 оқушы. Орта буында - 3 оқушы; оның ішінде 6 класта – 1 оқушы, 9 класта – 2 оқушы оқытылады.

Үйден оқыту:

Денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде 2022-2023 оқу жылында 1в класында 1 оқушы, 8б класындағы 1 оқушы, 10ә класында 1 оқушы, 11в класында 1 оқушы үшін үйде тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.



Директор

Ж.Т.Жанайдаров

Handwritten signature

Мектепалды даярлық сыныбының оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет Балалардың іс- әрекеті	0 «А»	0 «Ә»	0 «Б»	0 «В»	0 «Г»	Сағат жүктемелері	
							Апталық	Жылдық
1	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	525
	Дене шынықтыру**	күн сайын						
2	Сөйлеуді дамыту	2	2	2	2	2	10	350
	Қарым-қатынас іс- әрекеті	күн сайын						
	Көркем әдебиет	2	2	2	2	2	10	350
	Қарым-қатынас іс- әрекеті	күн сайын						
	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	10	350
	Қазақ тілі***	күн сайын						
3	Сауат ашу негіздері	3	3	3	3	3	15	525
	Қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын						
4	Математика негіздері	3	3	3	3	3	15	525
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын						
5	Қоршаған ортамен таныстыру	2	2	2	2	2	10	350
	Қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын						
6	Сурет салу	1	1	1	1	1	5	175
	Мүсіндеу							
	Жапсыру							
	Құрастыру							
7	Шығармашылық іс- әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын						
	Музыка	2	2	2	2	2	10	350
	Музыка****	күн сайын						
8	Барлығы	20	20	20	20	20	100	3500

Ақтобе қаласының білім бөлімі ММ
М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
оқу жұмыс жоспары
2022 – 2023 оқу жылы

Немірленген, тігілген және мөр
басылған

17 парак «...» 2022 ж.

Директор Ж.Т.Жанайдаров

